

Шортанды аудандық мәслихатының 2021 жылғы 14 қаңтардағы № С-72/2 "Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 7С-22/4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 мамырда № 28063 болып тіркелді

Шортанды аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шортанды аудандық мәслихатының "Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 14 қаңтардағы № С-72/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 3, 5, 15-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Шортанды кенті, Шәуәлі Рахымжанов атындағы мәдениет және демалыс саябағының алдындағы алаңнан Абылай хан көшесі, 26 А бойынша Шортанды ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңға дейін.

5. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жолымбет кенті, 40 лет Победы көшесінен Абай Құнанбаев көшесі, 14 бойынша Жолымбет кентінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі алдындағы алаңға дейін.

15. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Научный кенті, Научный кентінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңнан Бараев көшесі, 15 бойынша "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми – өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңға дейін.";

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасының 4-тармағының 3), 5), 15) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"3) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Шортанды кенті, Шәуәлі Рахымжанов атындағы мәдениет және демалыс саябағының алдындағы алаңнан Абылай хан көшесі, 26 А бойынша Шортанды ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

5) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жолымбет кенті, 40 лет Победы көшесінен Абай Құнанбаев көшесі, 14 бойынша Жолымбет кентінің "Ойын-сауық

орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

15) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Научный кенті, Научный кентінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңнан Бараев көшесі, 15 бойынша "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми – өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шортанды аудандық
мәслихатының хатшысы*

Г.Садвокасова